«Бекітемін»
Жаротқел негізгі орта білім беретін мектебінің
директоры: ________ Г.А.Алина
№ __1__ «__02__» __қыркүйек__ 2024 жыл
Пед. кеңесте қаралды

«Келісемін»
Аудан білім бөлімінің басшысы:
________ С.Б Биртаева
«__02__» __09__ 2024 жыл

«Шахмат»

(Белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақ)

Сыныбы: 4
Орындады: Н Серікұлы
(Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі)
№ __1__ хаттама «__29__» __тамыз__ 2024жыл
Ә/Б отырысында қаралды: ________ Өтетілеуова Б.Ғ
(Ә/Б жетекшісі)
Тексерілді: ________ Жиеналы М.А
(Оқу ісінің меңгерушісі)

## Түсінік хат

Қазіргі ақпараттандыру технологиясының кең дамыған кезінде оқушылар үлкен ауқымды ақпараттарды тез қабылдап, сараптап, логикалық қорытындылар жасай білулері керек. Логикалық және жүйелі ойлауды қалыптастыруда шахматтың алатын орны зор. Ол оқушылардың аз уақытта ойлдарын шоғырландыруына, туған жағдаятты сараптауға және шешім шығаруға үйретеді және алдына қойған мақсатына жетуге, төзімділікке тәрбиелейді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Астанада өткен тез шахмат пен блиц чемпионатының ашылу салтанатында «Шахмат адамдарды тез ойлатады, шешім қабылдатады және қадам жасатады. Мен бүгінгі таңда Қазақстанның көптеген балаларының спорттың осы түрімен айналысатынына қуаныштымын» деген болатын. Сонымен қатар мектептердің оқу жоспарларына шахмат сабақтары енгізіліп отыр.Шахмат – екі тұлғаның көрнекі түрде сайысу түрі. Ол бізге адамның шығармашылық дәрежесін анықтауға қажет. Шахмат ойнаушының үнемі жетілуінен, жүйелі түрде дайындық сағаттарын жүргізуден кейін нәтиже күтуге болады. Сонымен қатар шахматты үйретудегі жаттықтырушының шығармашылық деңгейінің жоғары болуы қажет.

**Мақсаты:** Шахмат ойынының мақсатымен таныстыру. Шахматқа деген қызығушылықтарын арттыру. Тақта үстіндегі шиеленіскен тартыста белгілі бір мақсат бар. Ол шахмат ойынында басты фигура болып есептелінетін патшаға мат беру. Патша фигурасына мат беріруімен партия аяқталады. Ақ жағының бірінші жүрісінен кейін, қара жағы бірінші жүріс жасайды. Алайда жүрілген фигураның жолында қарсы жақтың ережеге сәйкес «жеуге» болатын фигурасы тұрса, онда оны алып, орнына өз фигурасы тұрса, онда оны алып, орнына өз фигурасын қояды.

**Міндеттері:**

Білім беру:

· Шахматтың шығу тарихымен таныстыру;

· Ойын ережелерін үйрету;

· Оқушыларға шахмат ойыны туралы теориялық білім беру, сайыстар өткізу ережелерімен таныстыру.

Жетілдіру:

· Тұлғаның логикалық ойлауын, есте сақтауын, орнықтылығын жаңа басқа да жағымды қасиеттерін жетілдіру;

· Төзімділігін, өз өзіне және қарсыласына сынмен қарауын;

· Логикалық ойлау әлемі мен бейнелеп ойлаудың сұлулығын бойлатып, қоршаған орта туралы елесін кеңейту;

Тәрбиелік:

· Айналасына ұқыптылықпен қарау, жеке қасиеттерін жетілдіруге ұмтылдыру; ·Өзін тәртіпке салуға тәрбиелеу;

· Еріктілік қасиеттерін жетілдіруге және өзін өзі бағалай білуге.

Бұл бағдарламаны игеру барысында оқушылардың пәнді игеруімен қатар ұжымда жұмыстана білуі қалыптасады.

**Бағдарламаның нәтижесі мен қорытындысы:**

1. Әр жеке тұлға өзіндік ерекшеліктерін көрсете біледі, басқада қырынан ашыла біледі. Әрі төзімдік, шыдамдылық сол сиякты рухани адами қасиеттерін дамыта түседі.
2. Жарыс кезінде ешқандай тәртіп бұзылмайды. Оқушылардың пәнді игеруімен қатар ұжымда жұмыстана білуі қалыптасады

**Мазмұндық бөлім өтетін тараулар мазмұны**

1 – тарау. «Шахмат пен таныстыру» 9 сағат.

Шахмат – спорт, ғылым, өнер, шығу тарихы, жалпы ережелерімен таныстыру. Шахмат ойнау ережелері, шахмат күресінің ерекшеліктері. Шахмат партиясы, дебют, миттельшпиль, эндшпиль. Пешкамен жүріс, ойнау ережелері.

2 – тарау. «Шахмат ойнау жүрісінің ережесі» 7 сағат.

Жеке оқытулар. Патшамен король жүріс, ойнау ережесі. Уәзірмен ферз ойнау ережесі. Пешкамен ойнау ережесі.

3 – тарау. «Шахмат тақтасында фигуралардың қызметі» 10 сағат.

Атпен конь жүріс, ойнау ережесі. Жеке оқытулар. Турамен ладья жүріс, ойнау ережесі. Шахмат тақтасында фигуралардың қызметі. Фигуралармен ойнау.

4 – тарау. «Мат қоюдың қарапайым схемасы» 8 сағат.

Шахмат стратегиясы. Жеке оқытулар, шахмат композициясы. Мат қоюдың қарапайым схемасы.

## Ақпараттық әдістемелік бөлімі

Шахмат ойыны жоғары интеллектуалдық спорт түрі. Шахмат - адамның ақыл – ой дамуына ықпал ететін білім. Шахмат ойыны балаларға тек қуаныш сыйлайтын ойын ғана емес, ойлауды дамытудың тиімді құралы. Шахмат ойыны сонымен қатар, кеңістікті бағдарлай алу қабілетін дамытуға, ойлаудың аналиталық синтетикалық жолдарын, ой тұжырымдарын жасау, есте сақтау, қорытынды жасай алу қабілетін, мақсат қос білу қабілетін дамытуға көмектеседі. Ойын жағдайында, зертханалық тәжірибе жағдайына қарағанда, балалар өте жақсы ынта қояды және еске сақтайды. Шахмат ойыны көп жағдайда баланың көз алдына елестету арқылы ойлауына мүмкіндік туғызады. Ойын тәжірибесі басқа адамдардың көзқарасын тануға, олардың істемек әрекеттерінің алдын алуға және осы негізде өзінің жеке қылығын құруға мүмкіндік туғызатын ойлаудың ерекше қасиетінің негізін құрайды.

Ойын баланың өз ықтиярымен ерікті әрекет жасауына көмектеседі, оның сезімін, рухани қасиеттерін ұйымдастырады.

Бұл әдістемелік құрал келесі негіз болатын принциптерден құралады.

- Интегративті тұтастық принципі**.** Балалардың түрлі сабақ және ісәрекет түрлері шоғырланады (сурет, тіл дамыту, математикалық түсінік, театрландыру);

- Ынтымақтастық принципі. Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы жағдайында тәрбиелеу мен оқытуға деген жолдардың координациясы атааналардың бала тобының өміріне кеңінен қатысуын және олардың жас ерекшелігіне тән психофизиологиялық ерекшеліктерімен табысты танысуын қамтамасыз етеді;

- Вариативтілік приципі. Бір мазмұн аясындағы тапсырмалардың вариативтілігі баланың шамасына қарай қабылдауына, оның қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес шығармашылығын көрсетуіне мүмкіндік береді; - Жаңалық принципі. Оқыту бағдарламасын вариативтілік бөлікке қосу мүмкіндігі;

- Шығармашылық принципі. Педагогты әр баланың шығармашылық әрекет тәжірибесін алуға бағыттайды.

- Психологиялық жайлылық принципі. Оқу үрдісін эмоционалды жайлы жағдаймен қамтамасыз ететін ерекше пәндік-дамыту ортасын құру;

**Нормативтік бөлім**

Үйірменің түрі: Шахмат сыры

Сынып: 4

| № | Сабақ тақырыбы | Сағат саны | Күні Айы |
|---|---|---|---|
| **I тоқсан** | | | |
| 1 | Шахмат- спорт, ғылым, өнер ,шығу тарихы, жалпы ережелері | 1 | |
| 2 | Жеке оқытулар. | 1 | |
| 3 | Шахмат ойнау ережелері, шахмат күресінің ерекшеліктері. | 1 | |
| 4 | Жеке оқытулар. | 1 | |
| 5 | Шахмат партиясы,дебют, миттельшпиль,эндшпиль. | 1 | |
| 6 | Жеке оқытулар. | 1 | |
| 7 | Шахмат фигуралары,жүрістері. | 1 | |
| 8 | Жеке оқытулар. | 1 | |
| **II тоқсан** | | | |
| 9 | Пешкамен жүріс, ойнау ережесі. | 1 | |
| 10 | Жеке оқытулар | 1 | |
| 11 | Патшамен (Король) жүріс, ойнау ережесі. | 1 | |
| 12 | Жеке оқытулар. | 1 | |
| 13 | Уәзірмен (Ферзь)жүріс, ойнау ережесі. | 1 | |
| 14 | Жеке оқытулар. | 1 | |
| 15 | Пілмен (Слон) жүріс, ойнау ережесі. | 1 | |
| 16 | Жеке оқытулар. | 1 | |
| **III тоқсан** | | | |
| 17 | Жеке оқытулар. | 1 | |
| 18 | Атпен (Конь) жүріс, ойнау ережесі. | 1 | |
| 19 | Жеке оқытулар. | 1 | |
| 20 | Турамен (Ладья)жүріс, ойнау ережесі. | 1 | |
| 21 | Жеке оқытулар. | 1 | |
| 22 | Шахмат тақтасында фигуралардын қызыметі. | 1 | |
| 23 | Жеке оқытулар. | 1 | |
| 24 | Фигуралармен ойнау. | 1 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 25 | Шахмат тактикасы. | 1 | |
| 26 | Жеке оқытулар. | 1 | |
| **IV тоқсан** | | | |
| 27 | Шахмат стратегиясы. | 1 | |
| 28 | Жеке оқытулар. | 1 | |
| 29 | Шахмат композициясы. | 1 | |
| 30 | Жеке оқытулар. | 1 | |
| 31 | Шахмат миниатюрасы. | 1 | |
| 32 | Жеке оқытулар. | 1 | |
| 33 | Мат қоюдың қарапайым схемасы. | 1 | |
| 34 | Қортынды сағат. | 1 | |

Мұғалімнің аты-жөні: Серікұлы Н.

## Қолданылған әдебиеттер


**Оқушыларға ұсынылған әдебиеттер:**

**1.** Т.Сұлтанбеков «Шахмат» кітабы – Алматы 1967 ж.

**2.** Абрамов С., «Шахмат» бірінші жыл үйрету.

**3.** Барский В. «Шахмат» дәрістерін үйрету.

**4.** Шахмат дәрістерін жүргізу әдістемесі, Мәскеу, 2009 ж

**5.** Селиванов А.В.Яков Владимировтың гроссмейстердің таңдаулы тапсырмалар жинағы.

**Мұғалімге ұсынылған әдебиеттер:**

**1.** Сухин И.Г. «Тек кішкентайларға арналған шахмат» ата – аналар мен балалардың бірігіп оқуына арналған ертегі кітаптар. Москва, 2013 ж.

**2.** Селиванов А.В.Яков Владимировтың гроссмейстердің таңдаулы тапсырмалар жинағы.

**3.** Дэвид Притчард. Үйренушілерге арналған шахмат оқулығы.

**4.** Т.Сұлтанбеков «Шахмат» кітабы – Алматы 1967 ж.

**5.** Ысқақова Р.О.,Т.Х.Логика: Алматы: «Раритет», 2004ж